



Текітемін;
Басқарушісі:
Д. Жантөреева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2024-2025 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

2024-2025 ж

**«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 29.08.2023 ж

Қатысқандар-12

Тақырыбы: «Аталар ,аналар әжелер мектебінің маңызы».

Мақсаты: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату
-балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі
ұйымның күш-жігерін біріктіру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап,хатшы сайлау
2. Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі нұсқау хатын талқылау
2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту

3. «Аталар,аналар,әжелер» мектебінің маңызы.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Д .Жантөреева сөз алды.
Педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн
тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің
құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер,
психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз
құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып өткен
оқу жылындағы хатшы өз жұмысын жоғары деңгейде жүргізгенін ескеріп
2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып
К.Қандаулетованы сайлауды ұсынды.

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып . Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші К.Қандәулетованы сайлауды ұйғарды.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Д.Жантөреева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

2024-2025 оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ балабақша әдіскері Г.Удербаетова жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оқу жылына 4 педагогикалық кеңес, 5 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 2 жалпы,

3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды.

«Асылнұрай» бөбекжай-балабақшасы жүзеге асырылатын білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа өнімді технологияларды меңгеру, педагогикалық шығармашылықты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында балабақша меңгерушісінің бұйрығымен әдістемелік қызметінің құрылымы бекітілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Меңгеруші жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша тәрбиешісі К.Қандаулетова жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Жас кезеңдері мынадай:

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева сөз сөйледі.. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Жыл соңында балабақшадағы жылдық жоспар бойынша қандай жұмыстар атқарылды, өзін-өзі бағалау қажет деп, таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынше әдіскер Г Удербоева сөз алып жаңа оқу жылының өзгешілігі 2024-2025 жылғы жылдық жоспарда «Аталар,аналар,әжелер» мектебінің кіріктілгенін атап көрсетті. Жоспарын түзіп алдағы уақытта жұмыс жүргізіліп,есеп беретінін аитып кетті

Тәрбиешілерге «Анаар,аталар,әжелер»мектбінің мақсаты мен міндететін қысқаша түсіндіріп өтті

ШЕШІМ:

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесі мен жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

3. «Аталар, аналар, әжелер мектебінің» жоспары түзіліп бекітіліп жұмыс жүргізілсін қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Д.Жантөреева

Ж.Қандаулетова



Бекітемін;
балабақша меңгерушісі:
Д.П. Қаштөреева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2024-2025 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

2024-2025 жыл

**«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**

ХАТТАМА №2.

Өткізілген уақыты: 03.10.2024 ж

Қатысқандар саны-12

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру».

- 1 Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуының есебі
- 2 Балалардың мдұ –да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп
- 3 Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (шаруа меңгерушісі)
- 4 Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар (Әдіскер)

ТЫҢДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдері жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева сөйледі. Балабақшаның жылдық жоспары бекітіліп, жоспарланған атқарылуда. Топтардың перспективалық жоспары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтарды қайта даярлау курстарының жоспары бекітілді.

ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші Д.Жантөреева сөз алды балабақшада балалардың қауіпсіздігіне жайлы жағдай жасалған. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Әрбір сүйіспеншілікке толы ата-ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе.

Балабақшада тәрбиеші балалардың тұрған жерлерін қараусыз қалдыруға құқылы емес.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар шаруа меңгерушісі А. Тыныбековаға дамытушы ортаға балаларға қажет құралдармен жабдықтау керек екені.

айтылды Алдағы уақытта іс әрекеттерде көрнекіліктермен дамытушы ортамен балалар қызықты әрі көңілді сабақ өтілетінін баяндады

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалды қанағаттанарлық;
2. Балалардың мдұ-дағы қауіпсіздігімен жайлылығын қадағалау меңгерушіге жүктелсін
3. Дамытушы ортаны құру ,құралдарымен жабдықтау шаруа меңгерушіге жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы: Д.Жантөреева

Хатшы :



Кандаулетова



Бекітемін;

Балабақша меңгерушісі:
Д.Р. Жантөреова

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2024-2025 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

2024-2025 жыл

«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА № 3

Өткізілген уақыты: 08.01.2025ж

Қатысқандар саны-12

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысы ,аралық мониторинг бойынша есеп
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер
3. «Аналар және әжелер мектебі» «Әкелер мектебі» бойынша атқарылы жатқан жұмыстардың есебі
4. Психологиялық тренинг Педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті
5. Санпин талаптарының орындалуы

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті.Жарты жылдықтағы балабақшадағы жұмыстарға есеп беріп кетті Өткен іс шаралрды талқылап саралап кемшіліктерді атап көрсетті

Алдағы ұйымдастырылатын іс шаралар жоспары құрылды

8-наурыз Аналар мерекесі ,22-наурыз Жыл басы наурыз мерекесі соған орай тәрбиешілермен және ән жетекшісімен бірігіп отырып кесте түзіді

ТЫҢДАЛДЫ: «Аналар,әжелер,әкелерн мектебі» меңгеруші Д Жантөреева Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі-тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып,тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін,тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың сат-дәстүрлерін аяай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге баулуға маңызы зор

«Тәрбие-тал бесіктен» демекші балабақшадағы ұлттық тәрбиенің маңызы мен алатын орны ерекше Еліміздің тұғырын мәңгі биікке

желбірететін, ұлттық санасы мен сезімі қалыптасқан, ұлттық рухы биік, ұлттық құндылығын, ата дәстүрді, әдеп пен ғұрыпты, өркениетіміз бен мәдениетімізді мұра етіп жалғайтын жекке тұлғаны тәрбиелеудің басты негізі-балабақшадан бастау алады.

ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Г Удербаева қызметкерлермен тренинг өтті

Тренинг мақсаты жұмысшыларға педагогтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлау

ТЫҢДАЛДЫ: 4 мәселе бойынша мейірбике Г Молдабекова Санитарлық қағидалар меншік иесіне қарамастан білім беру объектілерінде сумен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, жедетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тамақ тарқату орындарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді Сол талаптарға сүйеніп әрі бағынып жұмыс жүргіземіз

Күнделікті балаларды қабылдау кезеңінде барлық топтар желдетіп ылғалдандырылуы қажет

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
2. Жарты жылдық жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық
3. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру тәрбиешілермен ән жетекшісіне жүктелсін
4. Балабақшада ұлттық құндылықтарды дәріптеу
5. СанПи талаптарының орындауын қадағалау мейірбикеге жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы Д.Жантөреева.

Хатшы



К.Қандаулетова



Декітемін;
Методерушісі:
Д.П. Ақитөреева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2024-2025 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

2024-2025 жыл

«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА № 4.

Өткізілген уақыты: 15.03.2025 ж

Қатысқандар саны -12

Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет» .

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы шаралар бойынша есеп
4. Ата-аналарға консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Өткен пед кеңестегі мәселелердің орындалуын қадағалап қызметкерлердің жауаптары тыңдалды

ТЫҢДАЛДЫ : меңгеруші балабақшада баланың дені сау болу үшін ең әуелі тағалыққа мән беруіміз керек .Жүйелі түрде спортпен шұғылдану,мүмкіндігінше табиғи тағамдармен және үйлесімді қоректенуі,ұйқыларының жүйелі болуы,жеміс жидектерді жуып пайдалану Балалардың өз денсаулығына деген саналы көзқарасын және салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру

ТЫНДАЛДЫ Меңгеруші Д. Жантөреева Экология мәселесі қазіргі таңда тек бір біздің елде емес ,бүкіл дүниежүзінде ең өзекті мәселелердің қатарында тұр . Халқымызды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу және экологиялық білім беру мәселесі еліміздің ғалымдарын,педпгогтарының назарын аударып отыр

Оның себебі еліміздегі экологиялық мәдениеттің төмендеуінің көрініс табуы,жер шарында жаппай экологиялық апаттық таралуы себеп болып отыр «Таза болса табиғат,аман бола адамзат»-деп Фариза Оңғарсынова айтқандай табиғаттың амандығы көп мәсеенің шешімі боатынын ұмытпауыыз керек деп сөзін аяқтады

ТЫНДАЛДЫ әдіскер Г Удербаета төртінші мәселе бойынша Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған мектеп жасына дейінгі балалардың ата аналарына арналған консультациялық пункттер мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір нысаны болып табылады Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға,Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
2. Экологиялық білім беруді жоспарлау және жүзеге асыру.
- 3.Ата-аналарға арналған консультатциялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру әдіскерге жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Жантөреева.

К. Қандаулетова.



Текітемін;
Қол қойған;
Д.П.К. Контөреева

"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

2023-2024 жыл

«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА № 5.

Өткізілген уақыты: 25.05.2024 ж

Қатысқандар саны -12

Тақырыбы: Біржылдық жұмыстың қорытындысы

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен педкеңестің шешімінің орындалуының есебі
- 2 Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беру
Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарын бекіту
- 3 Қорытынды мониторинг туралы
- 4 Ашық іс әрекетті талқылау

ТЫҢДАЛДЫ: меңгеруші Д Жантөреева өткен кеңестің шешімінің орындалуын қадағалады

ҚР Мемлкеттік стандартының орындалуы бойынша бөбекжай тәрбиешілері жылдық есебін баяндады.Бір жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін,Білім кидс бойынша жасалған перспектива,циклограмма т.б. іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешілері балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, бастапқы, аралық, қорытынды диагностика нәтижелеріне топ бойынша қорытынды жасап электронды және қағаз жүзінде жұмыстарын толық тапсырды. Балабақша әдіскері қорытынды жасап жақсы деген баға берді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша мейірбикесі Г.Молдабекова сөз алды. Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебіне тоқталды. Таңғы жаттығулар, сауықтыру шынықтыру шаралары мезгілдік ас мәзірлерінің орындалғандығы, балалардың денсаулығын қорғау туралы іс шаралар белгіленген жоспар бойынша атқарылғандығын атап айтып қорытынды жасап жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жоспарымен таныстырды. Балабақша меңгерушісі қорытынды жасап аяқтады.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылының балабақша бойынша атқарылған жұмыстарының есебі жақсы деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының іс-жоспарлары бекітілсін.

Балабақша меңгерушісі

Хатшысы:



Д.Жантөрева

К.Қандаулетова